

Клиенттің аты-жөні/ФИО Клиента:

ЖСН/ИИН: 000000000000

«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ (Банк) Клиентке келесі шарттарға сәйкес Клиентке шығарылатын кредит карточкасы бойынша кредит лимитін ұсынады:

**1-бап. Жеке талаптар**

1. Кредиттер тұтынушылық мақсатта, сонымен бірге Клиенттің өтінішіне, осы шартқа және операциялар бойынша шарттарға сәйкес тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуға беріледі.

2. Кредиттің (кредит лимитінің) сомасы мен валютасы Банктің операцияларды жүргізудің жалпы ережелерімен бекітілген шекті сомадан аспайды және осы шартқа қол қою күнінде [•] теңгені құрайды.

3. Кредит лимиті шеңберінде әрбір кредиттің мерзімі осы шарттың талаптарына және/немесе операция бойынша шарттарға сәйкес оны өтеу мерзімімен анықталады. Кредит лимиті белгісіз мерзімге белгіленеді.

4. Кредит лимиті шеңберінде ұсынылатын кредиттер бойынша сыйақының тіркелген мөлшерлемесі жылына [•] %-ды, СЖТМ [•] %-ды құрайды. Банк тиісті кредит бойынша операция бойынша шарттарды орнатпаған жағдайларда, ұсынылатын кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі осы тармақта көзделген мөлшерлемеге тең болады.

**2-бап. Жалпы талаптар**

1. Өтеу әдісі – қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз аудару.

2. Өтеу әдістері:

1) Клиент кредит бойынша берешекті ай сайын өтеудің тиісті төлем кезеңі аяқталғанға дейін минималды төлемнен кем емес мөлшерде, берешек сомасының [•] %-на тең, бірақ [•] теңгеден аспайтын мөлшерде өтейді. Өтеу кезеңі ағымдағы есеп айырысу күнінен келесі есеп айырысу күніне дейін анықталады.

2) егер Банк Клиент үшін операция бойынша шарттарды орнатса, мұндай операциялар бойынша кредит бойынша берешек міндетті төлемдер арқылы өтеледі. Міндетті төлемдер өтеудің тиісті кезеңі аяқталғанға дейін енгізіледі. Өтеу кезеңі ішінде осы тармақшада көзделген кезекті міндетті төлем мөлшеріндегі ақша сомасын Банк кредит карточкасы бойынша шоттан ақша Банкке түскен күні дебеттейді. Бұл ретте тиісті операция бойынша негізгі қарыздың сомасынан тұратын міндетті төлемнің бөлігі Банкке ақша түскен күні

ДБ АО «Банк Хоум Кредит» (Банк) предоставляет Клиенту кредитный лимит по выпускаемой Клиенту кредитной карточке на следующих условиях:

**Статья 1. Индивидуальные условия**

1. Кредиты предоставляются в потребительских целях, а также на приобретение товаров (работ, услуг) в соответствии с заявлением Клиента, настоящим договором и условиями по операции.

2. Сумма и валюта кредита (кредитного лимита) не превышает предельной суммы, установленной правилами Банка об общих условиях проведения операций, и на дату подписания настоящего договора составляет [•] тенге.

3. Срок каждого кредита в рамках кредитного лимита определяется сроком его погашения в соответствии с условиями настоящего договора и/или условиями по операции. Кредитный лимит устанавливается на неопределенный срок.

4. Размер фиксированной ставки вознаграждения по предоставляемым кредитам в рамках кредитного лимита составляет [•] % годовых, ГЭСВ [•] %. В случаях, когда условия по операции не установлены Банком для соответствующего кредита, ставка вознаграждения по предоставляемым кредитам равна ставке, предусмотренной настоящим пунктом.

**Статья 2. Общие условия**

1. Способ погашения – наличными деньгами или безналичным переводом.

2. Методы погашения:

1) задолженность по кредиту погашается Клиентом ежемесячно до окончания соответствующего платежного периода погашения в размере не менее минимального платежа, равного [•] % от суммы задолженности, но не менее [•] тенге. Период погашения определяется с текущей расчетной даты по дату, предшествующую следующей расчетной дате.

2) если Банком для Клиента установлены условия по операции задолженность по кредиту по таким операциям погашается обязательными платежами. Обязательные платежи вносятся до окончания соответствующего периода погашения. Суммы денег, уплаченные в течение очередного периода погашения в размере очередного обязательного платежа, предусмотренного настоящим подпунктом, дебетуются Банком со счета по кредитной карточке в день поступления денег в Банк, при этом часть обязательного платежа, включающая сумму основного долга по соответствующей операции, направляется на погашение соответствующей части основного долга по операции в день поступления денег в Банк,

операция бойынша негізгі қарыздың тиісті бөлігін өтеуге, ал тиісті операция бойынша есептелген сыйақы мен комиссиялар сомасынан тұратын міндетті төлем бөлігі өтеудің тиісті кезеңінің соңғы күні операция бойынша есептелген сыйақы мен комиссияларды өтеуге жіберіледі. Өтеудің кезекті кезеңіне дейін төленген және/немесе осы тармақшада көзделген кезекті міндетті төлемнің үстінен төленген ақша сомасы осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес кредит карточкасы бойынша кредитті мерзімінен бұрын өтеуге жіберіледі (болған жағдайда).

3. Кредит карточкасы бойынша берешекті өтеу мерзімін 4 күннен асатын мерзімге бұзған жағдайда, сонымен бірге Клиент Банктің шарт бойынша берешекті толық мерзімінен бұрын өтеу туралы талабын (бұдан әрі – талап) орындаудың мерзімін өткізген жағдайда, Банк Клиенттен мерзімі өтудің бірінші күнінен бастап мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем/талап сомасының 0,5 %, мерзімі өткен 90 күннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем/талап сомасының 0,03 %, бірақ шарттың әрбір әрекет ету жылы үшін кредит карточкасы бойынша кредит сомасының 10 %-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық төлемін төлеуді талап етуге құқылы.

4. Банк келесі комиссияларды және өзге төлемдерді алады: АТМ арқылы кредит карточкасындағы кредиттен қолма-қол ақшаны алғаны үшін алынған ақша сомасының [ ] %, бірақ [ ] теңгеден аспайтын мөлшерде комиссия; Банк кассаларында қолма-қол ақшаны қабылдағаны үшін – 500 теңге; осы баптың 13-тармағына сәйкес Клиенттің шарт бойынша міндеттемелерін орындамау фактілері туралы хабарлама үшін: пошта жөнелтілімі – 500 теңге, SMS арқылы мәтіндік хабарлама – 70 теңге; сонымен бірге Клиентке мәлім Банк тарифтеріне сәйкес кредит карточкасын шығару шарттарында көзделген өзге комиссиялар.

5. Қарыз бен сыйақыны өтеу тәртібі мен кезеңділігі: ай сайын кредит карточкасы бойынша шотқа минималды және міндетті ай сайынғы төлемнен кем емес (тиісті берешек болған жағдайда) сомада Банктің кассасы (АТМ, терминалдары) арқылы ақшаны аудару немесе қолма-қол ақшаны енгізу немесе заңнамамен тыйым салынбаған өзге әдіспен төлеу.

Есеп айырысу күні әрбір айдың [ • ] жұлдызына түседі.

6. Банк Клиенттің төлем немесе ақша аудару туралы нұсқаулығының негізінде Клиент кредит карточкасын нақты пайдаланбастан кредит лимиті шеңберінде кредит ұсынуға құқылы. Ұсынылған кредит сомасы шотта көрсетіледі, шарт бойынша берешекті құрайды және шарттың талаптарына сәйкес Клиент оны Банкке шартта көзделген

а часть обязательного платежа, включающая сумму начисленного вознаграждения и комиссий по соответствующей операции, направляется на погашение начисленного вознаграждения и комиссий по операции в последний день соответствующего периода погашения. Суммы денег, уплаченные до наступления очередного периода погашения и/или сверх очередного обязательного платежа, предусмотренного настоящим подпунктом, направляются на досрочное погашение кредита по кредитной карточке согласно пп.1) настоящего пункта (при наличии).

3. При нарушении сроков погашения задолженности по кредитной карточке более чем на 4 дня, а также за просрочку исполнения Клиентом требования Банка о полном досрочном погашении задолженности по договору (далее - требование) Банк вправе потребовать от Клиента оплаты неустойки в размере 0,5 % от суммы просроченного платежа/требования за каждый день просрочки начиная с первого дня просрочки, по истечении 90 дней просрочки в размере 0,03% от суммы просроченного платежа/требования за каждый день просрочки, но не более 10% от суммы кредита по кредитной карточке за каждый год действия договора.

4. Банк взимает следующие комиссии и иные платежи: за получение наличных денег по кредиту по кредитной карточке в АТМ в размере [ • ] % от суммы получаемых денег, но не менее [ • ] тенге; за прием наличных денег в кассах Банка – 500 тенге; за уведомление о фактах неисполнения Клиентом обязательств по договору в соответствии с пунктом 13 настоящей статьи: почтовое отправление – 500 тенге, текстовое сообщение посредством SMS – 70 тенге, а также иные комиссии, предусмотренные условиями выпуска кредитной карточки, в соответствии с тарифами Банка с которыми Клиент ознакомлен.

5. Порядок, периодичность погашения займа и вознаграждения: ежемесячно путем перевода денег или внесения наличных денег через кассу (АТМ, терминалы) Банка в сумме не менее минимального и обязательного ежемесячного платежа (при наличии соответствующей задолженности) на счет по кредитной карточке, либо иным не запрещенным законодательством образом.

Расчетная дата выпадает на [ • ] число каждого месяца.

6. На основании указания Клиента о платеже или переводе денег Банк вправе предоставить кредит в пределах кредитного лимита без фактического использования Клиентом кредитной карточки. Сумма предоставленного кредита отражается на счете, составляет задолженность по договору и подлежит погашению в соответствии с условиями договора с выплатой Банку вознаграждения и комиссий, предусмотренных договором.

7. В качестве обеспечения исполнения обязательств по договору применяется неустойка.

сыйақы мен комиссияларды төлей отырып өтеуі тиіс.

7. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету құралы ретінде тұрақсыздық төлемі қолданылады.

8. Клиент шартты орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк заңнамамен, осы шартпен және Банкте жеке тұлғаларға қызмет көрсету шартымен (2-нұсқа) (бұдан әрі – БҚШ) көзделген барлық іс-шараларды қолдануға құқылы, оның ішінде: ҚР заңнамасымен бекітілген шектеулерді ескере отырып, акцептісіз тәртіпте Клиенттің кез келген банктік шоттарынан берешек сомасын өндіріп алу; берешекті өзінің қалауы бойынша Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сот тәртібінде өндіріп алу.

9. Шарт тараптар шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

10. Тараптар өз міндеттемелерін бұзғаны үшін заңнаманың, осы шарттың талаптарына және БҚШ-ның қолданылатын талаптарына сәйкес осы шартта және өтініште көрсетілген деректердің дұрыстығына жауапты болады.

11. Клиент БҚШ-да көрсетілген құқықтардан басқа

Банк бекіткен нысанға сәйкес жазбаша өтініш бойынша кез келген сәтте Банк операция бойынша бекіткен шарттардан бас тартуға және шартта көзделген комиссияларды және шарттың 1-бабының 4-тармағында бекітілген мөлшерлеме бойынша сыйақыны төлей отырып, мұндай операция бойынша берешекті шарттың 2-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес минималды төлемдер арқылы өтеуге;

12. Клиент Банкке тапсырады, ал Банк Клиентке ақылы негізде Клиенттің өтінішінде көрсетілген ұялы телефон нөміріне немесе Клиент көрсеткен мекенжайы бойынша Клиенттің шарт бойынша міндеттемелерін орындамау фактілері және берешек сомасы көрсетілген төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы хабарлама жіберуге міндетті. Банк хабарламаларды мерзімі өткен бесінші күннен бастап өзі бекіткен тәртіпте жібереді.

Осы тармақтың талаптары Банктің осы шарт бойынша Клиенттің өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуіне бағытталған ісәрекеттерді жасау құқығын шектемейді.

13. Егер шартта өзгеше көзделмесе, шартқа кез-келген өзгерістер мен толықтырулар тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша енгізіледі.

14. Осы шартқа Банктің ресми сайтында ([www.homecredit.kz](http://www.homecredit.kz)) жарияланған БҚШ-ның талаптары қолданылады және Клиент оған жалпы қосылады. БҚШ осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және бұған қоса осы шартта қолданылатын ұғымдарды, сонымен бірге ҚР

8. При неисполнении, ненадлежащем исполнении договора Банк вправе применить все меры, предусмотренные законодательством, настоящим договором и Договором банковского обслуживания для физических лиц в Банке (версия 2) (далее – ДБО), в т.ч.: взыскать сумму задолженности с любых банковских счетов Клиента в безакцептном порядке с учетом, ограничений, установленных законодательством РК; взыскать задолженность в судебном порядке в суде по месту нахождения Банка либо его филиала – по усмотрению Банка.

9. Договор действует до полного исполнения сторонами обязательств по договору.

10. За нарушение обязательств стороны несут ответственность в соответствии с требованиями законодательства, условиями настоящего договора и применимыми условиями ДБО. Клиент несет ответственность за правильность данных, указанных в настоящем договоре и заявлении.

11. Клиент, помимо прав, указанных в ДБО, вправе по письменному заявлению в соответствии с установленной Банком формой в любой момент отказаться от установленных Банком условий по операции, и погашать задолженность по такой операции минимальными платежами согласно пп. 1) п. 2 ст. 2 договора с оплатой вознаграждения по ставке, установленной в п. 4 ст. 1 договора, и комиссий, предусмотренных договором.

12. Клиент поручает Банку, а Банк обязуется на возмездной основе направлять Клиенту на номер сотового телефона или по адресу, указанным в заявлении, уведомления о фактах неисполнения Клиентом обязательств по договору и необходимости внесения платежей с указанием суммы задолженности. Уведомления направляются в порядке, определяемом Банком, начиная с пятого дня просрочки исполнения обязательства.

Условия настоящего пункта не ограничивают право Банка совершать действия, направленные на обеспечение исполнения Клиентом обязательств по настоящему договору.

13. Если иное не предусмотрено договором любые изменения и дополнения в договор вносятся по взаимному письменному соглашению сторон.

14. К настоящему договору применяются условия ДБО, изложенные на официальном сайте Банка ([www.homecredit.kz](http://www.homecredit.kz)), к которому Клиент присоединяется в целом. ДБО составляет неотъемлемую часть настоящего договора и определяет, помимо прочего, понятия, используемые в настоящем договоре, а также иные права и обязанности сторон и ограничения, установленные для Банка в соответствии с законодательством РК.

**Клиент подтверждает, что внимательно ознакомился и безоговорочно согласен с условиями настоящего договора, в том числе условиями ДБО, а также тарифами Банка.**

заңнамасына сәйкес тараптардың басқа да құқықтары мен міндеттемелерін және Банкке қойылатын шектеулерді анықтайды.

**Клиент осы шарттың талаптарымен, оның ішінде БҚШ-ның талаптарымен, сонымен бірге Банктің тарифтерімен мұқият танысқандығын және сөзсіз келісетіндігін растайды.**

**Банк:**



Банк өкілінің қолы/Подпись представителя Банка

**Клиент:**

Қолы/Подпись

050059, Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 248/ 050059, г. Алматы, пр. Нұрсұлтан Назарбаев, 248  
факс: +7(727)244 54 90, [www.homecredit.kz](http://www.homecredit.kz), [client@homecredit.kz](mailto:client@homecredit.kz)